

Қазақ ұлттық музыка академиясын ашу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 наурыздағы N 269 қаулысы

Дарынды жастардың қатарынан музыка өнері саласында мамандарды үздіксіз даярлауды одан әрі қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақ ұлттық музыка академиясы құрылсын.
2. Қазақ ұлттық музыка академиясының мекен-жайы Ақмола қаласы болады деп б е л г і л е н с і н .
3. Ақмола өнер колледжі мен П.И.Чайковский атындағы N 1 музыка мектебі Қазақ ұлттық музыка академиясына қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.
4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті белгіленген тәртіппен П.И.Чайковский атындағы N 1 музыка мектебінің ғимараттарын, Ақмола өнер колледжінің оқу корпусы мен жатақханасын Қазақ ұлттық музыка академиясына беруді жүзеге асырсын.
5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1998 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігінің шығыстарында Қазақ ұлттық музыка академиясын қ а р ж ы л а н д ы р у д ы көздесін;

1998 жылы музикалық аспаптар, оқу құралдары мен әдебиеттер, компьютерлік техника алуға Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігіне 04 "Білім" функционалды тобы бойынша дарынды балаларды мемлекеттік қолдауга көзделген қаражат шегінде 100 мың АҚШ долларына баламды сомада қ а р а ж а т б ө л с і н .

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2007 N 1400 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі а г е н т т і г і :

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігінің 1999-2001 жылдары Қазақ ұлттық музыка академиясының Үлкен Концерт залының, 100 орындық қонақүй үлгісіндегі жатақхананың құрылышы, оқу корпустары мен студенттік жатақханаларды қата жаңарту және күрделі жөндеуден өткізу жөніндегі ұсыныстарды қарасын;

студенттерді оқыту, оқытушылардың тағлымдамасы мен олардың біліктілігін арттыру, музыка өнері саласында халықаралық конкурстарға қатысуын қаржыландыру үшін техникалық көмекті тартудың мүмкіндігін қарасын.

7. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігі:

Қазақ ұлттық музыка академиясының профессор-оқытушылар құрамының санын белгілеген кезде бейіндік мамандықтар бойынша 3,5 студентке 1 оқытушы және 5 оқушыға 1 оқытушы есебіндегі нормативті басшылыққа алсын;

Қазақ ұлттық музыка академиясының құрылымын, мамандықтарының тізбесін және штат санын белгілеп, оны материалдық-техникалық жағынан жарақтауға және кадр әлеуетін күшейтүге көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК